

Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы ережеге өзгерістерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 31 наурыздағы N 77 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 7 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1495. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 305 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын...

Төраға

К ү ш і ж о й ы л д ы д е п т а н ы л ғ а н
нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

17. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы ережеге өзгерістерді бекіту туралы" 2001 жылғы 31 наурыздағы N 77 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1495 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан "Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" N 11 басылымдарында 2001 жылғы 21 мамырда - 2 маусымда жарияланған)...

Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы V960440_ ережеге өзгерістер және осы қаулы бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күндік мерзім

өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Банктердің қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы ережеге өзгерістерді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізген күннен бастап он күндік мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т.Жанкелдинге жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 31 наурыздағы
N 77 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының
1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 қаулысымен бекітілген
Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық
стандарттарға көшу тәртібі туралы ережеге
өзгерістер

1 . 4 - т а р м а қ т ы ң :

үшінші азатжолындағы "1" саны "1 немесе 2" деген сөздермен ауыстырылсын,
"(1998 жылдың аяғына дейін)" деген сөздер алынып тасталсын;
төртінші азатжолындағы "8.9" саны "8.10" санмен ауыстырылсын.

2. 10-1-тармақ алынып тасталсын.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы